

Мектепке дейінгі тарбие мен окытуудын үлгілік оку жоспары және Мектепке дейінгі тарбие мен окытуудын үлгілік оку багдарламасы негізінде 2023 - 2024 оку жылына арналган ұйымдастырылган іс-әрекеттің перспективалык жоспары

Білім беру ұйымы (баллабакша / шағын орталык, мектепалды сыныбы)

Топ: ересек топ

Балалардын жасы: 4 жастан.

Жоспардын кұрылу кезеңі: кыргүйек айы, 2023-2024 оку жылы.

Айы	Ұйымдастырылган іс-әрекет	Ұйымдастырылган іс-әрекеттің максаты
Кыргүйек	Дене шыныктыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардын денесін үйлесімді дамыту, спорттык, кимылды ойындарға, спортпен айналысуға кызыгушылыкты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдык, төзімділік, еңгілік, икемділікті калыптастыру; - негізгі кимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, кағын алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке медени-гигиеналык дағдылары жетілдіру; - дене шыныктыру жаттыгуларын орындауға кызыгушылыкты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тарбиелеу; - әртүрлі ұлттык кимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға кызыгушылыкка баулу; - ойын барысында, спорт жабдыктарын колдануда қауіпсіздікті сақтау. <p>Жүру: өкшемен, аяктын сырткы кырымен, адымдап, жан-жакка косалкы</p>

кадаммен (онға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, кол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар.

Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды ныққа қойып, шынтақтарын бүтіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, нықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды зағтармен және зағтарсыз орындау.

Спорттық жаттығулар.

Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.

Жүзу: сұта түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін сұта малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

Қимылды ойындар.

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі.

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртінуді, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін

	<p>Түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалан аяқ жүру. Кимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әнгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау; - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,</p>

	<p>оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүтір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау; - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар

		<p>Туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</p> <p>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</p> <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p> <p>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</p>

		<p>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</p> <p>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;</p> <p>- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жиын.</p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүшпен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;</p> <p>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.</p> <p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру.</p>
	<p>Жалпыру</p>	<p>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;</p> <p>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.</p>

	<p>Жалпыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту; - өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемәстетикалық талғамды дамыту. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау). Ән айту.</p>

Балаларды мөнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, кимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).

Музыкалық-ырғақты кимылдар.

Би кимылдарын, ойындағы музыкалық кимылдарды орындауға қызығушылық тулдыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың кимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүтіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, кимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрегімен отыру, музыканың екінші бөлігінде кимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауға балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Билер.

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін кимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес кимылдарды ауыстыру, би кимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.

Құрастыру

- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;
- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;
- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

	<p>Құрылыс материалдарынан, «пегго» конструкторлардан құрастыру.</p> <p>Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді қолдененінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p>
<p>Қоршаған ортамен танысу</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; - отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтанышы сезімін тәрбиелеу; - құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; - туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; - танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; - табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; - қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау. <p>Бала, оның отбасы, үй.</p> <p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін,</p>

мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.

Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жакын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әнгімелеу, өзінің жакындарына мақтаныш сезімін білдіру.

Заттық элем.

Балаларды заттық элеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жакын манайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.

Байланыс және қозғалыс құралдары.

Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.

Еңбекке баулу.

Балалардың еңбек етуге деген он көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жаксы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.

		<p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жолда жүру ережелері.</p> <p>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
--	--	---